

Шалқар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 268 "Ақтөбе облысының Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 15 мамырдағы № 97 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 мамырда № 5502 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 мамырдағы № 122 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 14.05.2018 № 122 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына сәйкес Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 268 "Ақтөбе облысының Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4660 болып тіркелген, 2016 жылғы 16 қаңтарда аудандық "Шежірелі өлке" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Шотановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Келісілді:

"Ақтөбе облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ басшысы

Б. Қаниев

А. Османғалиев

Шалқар ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі

| № р/с | Автожолдың индексі | Автожолдың атауы | Жалпы ұзындығы, шақырым |
|----------|--------------------|---------------------------------|-------------------------|
| 1 | KD-SH-165 | Шалқар-Сексеуіл | 105,42 |
| 2 | KD-SH-166 | Шалқар-Бегімбет | 92,755 |
| 3 | KD-SH-167 | Бегімбет-Қаңбақты-Бозой | 149,2 |
| 4 | KD-SH-168 | Шалқар-Талдықұм | 41,46 |
| 5 | KD-SH-169 | Шалқар-Қопасор | 34,07 |
| 6 | KD-SH-170 | Байқадам-Алақозы | 41,07 |
| 7 | KD-SH-171 | Бозой-Қоянқұлак | 12,03 |
| 8 | KD-SH-172 | Алабас ауылына кіре беріс | 17,715 |
| 9 | KD-SH-173 | Шетырғыз ауылына кіре беріс | 72,725 |
| 10 | KD-SH-174 | Жылтыр ауылына кіре беріс | 2,25 |
| 11 | KD-SH-176 | Бершүгір бекетіне кіре беріс | 1 |
| 12 | KD-SH-178 | Е.Көтібарұлы ауылына кіре беріс | 0,58 |
| 13 | KD-SH-179 | Аққайтым ауылына кіре беріс | 1,95 |
| 14 | KD-SH-180 | Қауылжыр ауылына кіре беріс | 1,4 |
| Барлығы | | | 573,625 |